

Әкімдіктің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1588 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 740 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 12 маусымда № 9-2-137 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 9 маусымдағы № 693 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2012.06.09 № 693 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-4-тармақтарына, 18-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Әкімдіктің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 1588 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркеу нөмірі 9-2-94, 2008 жылғы 4 қаңтарда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

7-тармақта "жеке" сөзі алынып тасталсын;

8-тармақ мына редакцияда жазылсын:

"8. Әлеуметтік жұмыс орындарына және "жастар практикасына" жұмысқа орналастырылған жұмыссыздардың еңбекақысына төленген жұмыс берушілердің шығыны жергілікті (қалалық) бюджеттен ең төменгі жалақының көлемінде алты айға дейінгі мерзімге өтеледі. Бюджет қаражатын аудару бойынша есеп айырысу жұмыс берушінің есеп шотына жүргізіледі."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары А.А. Ишмұхамбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг

